

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 қаңтарда № 4643 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 38-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 30.09.2020 № 38-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қосымшаға сәйкес облыстық бюджет қаражаты есебінен азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттар және мамандандырылған емдік өнімдер қосымша берілісін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамту мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 18-8 "Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды қосымша беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3582 тіркелген және 2014 жылғы 17 шілдедегі "Орал өңірі" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессиясының төрағасы
Облыстық мәслихат хатшысы

Т. Ескендіров
М. Құлшар

2016 жылғы "9" желтоқсанғы №8-9
Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының
шешіміне
қосымша

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен қосымша берілетін дәрілік заттар мен мамандандырылған емдік өнімдер

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 01.06.2017 № 10-8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.12.2017 № 15-7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 07.12.2018 № 21-11 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.08.2019 № 28-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 18.03.2020 № 33-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

№	Аурулар	Халық санаты	Дәрілік затты тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттың атауы (шығару нысаны)
1.	Бастапқы өкпе гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Босентан қабығымен қапталған таблеткалар; Силденафил қабығымен қапталған таблеткалар; Илопрост, капсулалар; Сакубитрил + Валсартан қабығымен қапталған таблеткалар; Эплеренон қабығымен қапталған таблеткалар
2.	Ювенильдық артрит	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Тоцилизумаб инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат; Адалимумаб, инъекцияға арналған ерітінді; Этанерцепт инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ
3.	Ревматоидтық артрит	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Тоцилизумаб инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат
4.	Ағзалар мен тіндерді ауыстырып қондырғаннан кейінгі жағдай	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Тенофовир үлбірлі қабығымен қапталған таблеткалар
5.	Кистозды фиброз (Муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлық дәрежесіне қарамастан барлық түрі	Тобрамицин, ингаляцияға арналған ерітінді, капсулаларда ингаляцияға арналған ұнтақ; Урсодезоксихолий қышқылы, капсула; Ортатізбелі триглицеридтер негізіндегі арнаулы емдік өнімдер; Колестинметат натрий, ингаляция үшін ерітінді дайындауға арналған ұнтақ

6.	Буллездік эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Декспантенол аэрозоль, сыртқа қолдануға арналған крем, жақпамай, көз г е л і , аллантиин кремі, диацереина капсулалар, ортатізбелі триглицеридтер негізіндегі арнаулы емдік өнімдер, құрамында дәрі бар зарарсыз таңғыш, зарарсыз бактерияға қарсы атравматикалық сіңгіш таңғыштар, дәке (жоғарысозымды бекіткіш, торлы, мақталы синтетикалық), силиконды жабыстырғыш, қорғаныш крем, көбік, гель, бальзам, құрамында дәрі бар жақпамай, эммолиенттер, антисептиктер, зарарсыз мақталы д и с к і л е р , зарарсыз инелер апирогенді, майлықтар (зарарсыз, ылғалды гигиеналық)
7.	Анкилозирлеуші спондиартрит (Бехтерев ауруы)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Инъекцияға арналған голimumаб ерітінді
8.	Онкология	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Таргетті емге сезімтал дәрежесіне байланысты емес қауіпті ісік	Вемурафениб таблеткалар, Кобиметиниб т а б л е т к а л а р ; Ибрутиниб, капсулалар; Трастузумаб эмтанзин, инфузиялық ерітінді үшін концентрат дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ
9.	Ювенильдық дерматомиазит	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Адамның қалыпты G иммуноглобулинi, инфузияға арналған ерітінді; Метотрексат, инъекцияға арналған е р і т і н д і ; Метилпреднизолон, таблеткалар
10.	Целиакия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Панкреатин, құрамында минимикросфералар бар ішекте еритін қабықпен қапталған капсулалар; Глютенсіз мамандандырылған емдік өнімдер
11.	Крон ауруы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша орташа ауыр немесе ауыр дәрежедегі ауруында	Адалимуаб, инъекцияға арналған е р і т і н д і ; Устекинумаб, инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат, алдын ала толтырылған шприцте инъекцияға арналған ерітінді
12.		Диспансерлік есепте	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың	Ботулиндік токсин А типі кешені – гемагглютинин, бұлшықет ішіне және

	Балалар церебралды сал ауруы	тұрған балалар	дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	тері астына енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат
13	Созылмалы С вирустық гепатиті	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Софосбувир +Ледипасвир, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
14	Гематологиялық аурулар, гемобластоза және апластикалық анемияны қоса алғанда	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Верификацияланған диагнозда ауыртпалықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Третиноин, капсулалар; Элтромбопаг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар; Бендамустин, инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ; Руксолитиниб, таблеткалар
15	Қан ұю факторларының тұқым қуалаушылық тапшылығы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Қан ұюының VIII факторы және Виллебранд факторы вена ішіне енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған құтыдағы лиофилизат
16	Аяқталмаған остеогенез	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Туа біткен аномалия (қан ақаулары), қисаю және хромосомдық бұзылыстар	Ибандрон қышқылы, қабықпен қапталған таблеткалар, көктамыр ішіне инъекцияға арналған ерітінді; Памидрон қышқылы, инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат
17	Идиопатиялық өкпенің фиброзы	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Пирфенидон, капсулалар; Нинтеданиб, капсулалар
18	Жүректің ишемиялық аурулары	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Ривароксабан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
19	Эпилепсия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Вигабатрин, қабығымен қапталған таблетка